ҒТАХР: 82.09; 82-95

ЛУ ШҮННЫҢ “АЙҚАЙЫ”

Сия Иү[1]
[1]Іле педагогикалық университеті, қоғамдық ғылымдар институтының доценті,
Қытай Халық Республикасы, Құлжа қ., e-mail: 1479566108@qq.com

Мақалада жазушының “Айқай” атты әңгімелер жинағы талқыланады. Жинаққа енген әңгімелерге жеке-жеке қысқаша сипаттама беріледі. Жазушы осы шығармалары арқылы сол кездегі отарлық жүйедегі қытай қоғамына қарата алқымына тығылған жан дауысын бар күшімен айтқысы келеді [1]. Алайда, аузын ашса, жан сарайы құлазып сала береді. Торыққан, әлжуаз халы мен жақсы күннен ешқашан үмітін үзбеген асқақ мұратын баяндайды.

Түйін сөздер: Қытай, Лу Шүн, айқай, үмітсіздік, құлазу, болашақ.

Лу Шүн – (25.9.1881-19.10.1936) Қытайдың ұлы жазушысы, ойшылы. Қытай жазушылар одағының “Лу Шүн” әдеби сыйлығы осы жазушының құрметіне беріледі.Лу Шүн қытай халқы үшін, тіпті әлем оқырмандары үшін танымал тұлға. Оның дүниетанымының қалыптасуына өзінің жеке-дара ойлау қабілеті, ол жолдағы ұмтылысымен қоса, сол тұстағы өркениетті елдердің озық ойынан сусындай білгендігі де игі ықпал еткенін анық. Ол сондай-ақ көптеген шетел жазушыларының шығармаларын тәржімалап, халыққа жеткізіп отырды. Мысалы, «Спартак рухы», француз жазушысы – Фанорьеаның «Жер өзегіне саяхат», «Айға сапар» секілді фантастикалық шығармаларын аударып жариялады. Сонымен бірге «Мәдениеттегі ауытқушылық туралы» деп аталатын еңбегінде Ницше, Ибсен қатарлы батыс ойшылдарының, әдебиетшілерінің еңбектерін таныстырумен бірге, өзінің де философия мәдениет жөніндегі пайымдауларын ұсынады. Ал «Сиқырлы поэзияның құдіретінде» Байрон, Шиллер, Пушкин, Лермонтов, Петефи, Мискевич сияқты батыстың романтик ақындарының шығармашылық ерекшелігін жан-жақтылы таныстырады. Қорыта айтқанда, Лу Шүн өзінің отандастары үшін қай кезде де, өткеннің көркем шежіресі, бүгіннің қатал безбені, ертеңгі күннің адастырмас темір қазығы болып танылды. Ал біздің заманымыздың оқырмандары үшін қытай халқын танудың жанды оқулығы ретінде бағаланады. Демек, Лу Шүнды тану деген сөз қытай халқын тану деген сөз болып табылады. .

Лу Шүн шығармашылығын ғылыми мақала немесе зерттеу еңбектері арқылы толық қанды танып-білу мүмкін емес. Алайда, шетелдік оқырмандарға жазушының шығармасы мен идеясын және сол кездің тарихи келбетін жеткізу мақсатында, оның “Айқай” атты әңгімелер жинағын талдап, жинаққа енген әңгімелердің біразына қысқаша сипаттама беруді жөн санып отырмын.

“Есалаңның естелігі” - естелік түрінде жазылған бұл әңгімеде есалаңның жан дүниесіндегі үрейі суреттеледі. Есалаң айналасындағы адамдардың, ағасының, дәрігердің өзін жеп қоюынан қатты қорқады. Ол үйінен шықпай ескі жазбаларға үңіледі. Оның бұл бейнесін жазушы былайша суреттейді: *“Әрқандай істі зерттемей тұрып, ұғыну қиын. Адам жеу – ежелден бар құбылыс екенін білгеніммен, оның онша байыбына бармаппын. Зерттеп көрейін деп тарихқа үңілсем, ондағы деректердің мерзімі жазылмапты, тек қана әрбір бетіне «қайырым, әдеп, мораль, мінез» деген сөздерді айбақ-сайбақ қып жаза беріпті. Менен ұйқы қаша бастады, тарихи құжаттарды түннің жарымына дейін шұқшиып оқып шықтым. Oh, міне, таптым! Бүкіл кітаптың өн бойындағы әрбір сөздің тасасында «адамның етін же!» деген сөз жазулы тұр екен. Таңданғаным сонша есім шығып кетті!”*.

Лу Шүнның бұл түрдегі дүниелерге қалам тартуы тегін емес еді. Ол қытайдың ескі жазбалар сырымен бұрыннан ақ таныс еді. Оған оның “Қытай романдарының тарихи желісі” атты еңбегін оқысаңыз өзіңіз де көз жеткізесіз. Ол Будда кітабы, Конфуцилық тағылым мен христиандық ілімді сондай-ақ ескі заман тарихшысы Сы Мачян мен ақын Чүй Юан және ұлы жазушы Сау Шуечиннің еңбектерін терең меңгерген. Оның бұл дарыны оның әңгімелерінде көрініс тауып отырады.

Лу Шүн осыншама ескі қытай әдебиеті мен тілін жете меңгерседе, оған қатысты екі ұдай көзқарас ұстаған. Мәселен, ескі әдебиетінің сиқырлы ірімдерін өзінің шығармаларында шебер пайдалана отырып, енді бір жағынан, жастардың ескілікті кітаптарды оқуын құптамаған, есесіне

дамыған елдердің, әсіресе батыстың шығармаларын көп оқуға үндеген. Оның бұл қайшылыққа толы көңіл-күйі шығармаларынан байқалып отырады.

Біз сөз етіп отырған "Есалаңның естелігінде" адамға ой саларлық бір эпизод бар. Есалаң қиялында бір адамды көреді, ол былайша суреттеледі:

"Жас шамасы жиырманың о жақ бұ жағында сияқты, кейіп-кеспірін анық байқай алмадым, ол маған күлімсіреп бас изеді, бақсам күлкісі де шын күлкіге онша келіңкіремейді. Сосын мен одан:

- Адам жеу деген дұрыс қылық па өзі? - деп сұрадым.

- Ашаршылық болмаса, адамды қалай жейді? - деп, ол бұрынғысынша күлімсіреп жауап берді. Мен бұның да әлгі адам жеуге құмарлардың жемтіктесі екенін бірден аңғардым. Сосын ерлік жігерім тасқындап кетті білем:

- Жоқ, сол дұрыс қылық па?- дедім, тақымдап.

- Мұндайды сұрап қайтесің, өзің....барып тұрған... қылжақбас екенсің... Бүгін ауа райы қандай тамаша болып тұр, - деді ол.

- Күн райының жақсы екенін білем, ай да жарық. Бірақ мен сенен: сол дұрыс қылық па?- деп сұрап тұрмын.

Ол ыңғайсызданып қалды да:

- Жоқ... – деді міңгірлеп.

- Жоқ? Олай болса олар неге жеді!

- Жоқ, ондай жағдай болған емес...

- Болған емес? Бөрілі деген ауылындағылар жеп жатыр деп естідім, ал бұрынғылардың жегені туралы кітапта да жазулы тұр, мұның барлығы тайға таңба басқандай бадырайып тұрған жоқ па!

Оның өңі темірдей сұрланып кетті. Сосын маған көзін шақшитып:

-Болса болған да шығар, бұл өзі ежелден бері бар жағдай... - деді.

-Ежелден бері бар жағдай болса, дұрыс бола бере ме?

- Бұл туралы сенімен сөйлескім келмейді, қысқасы, сен мұндай сөздерді айтпа. Қателесесің! Мен көзімді алайтып орнымнан атып тұрып едім, әлгі адам ізім-ғайым жоқ болды. Тұла бойымды тер басып кетті...

Міне, бұл сол үрейлі, үмітсіз заманның образы еді. Оны Ду Шүн болмасада, әлде біреу осылай шындықты айту керек еді. Мәселен, "Құдай өлді"-деп Ф.Ницше айтқанда. Лу Шүн анығында сол кезеңнің осы жастағы «тарихи аралықтардың» тағдырын жақсы білді. Ол олар туралы үнсіз-самарқау қалуына да, тіпті, жайдары-жайсаң бейне де таныта алар еді. Бірақ, ол өз заманының шындығын айтатын досы болуды қалады. Ол көп адам жақсы деген дүниенің жақсы бола бермейтіндігін, әлде біреуді қорласаң, бір топ адамды өзіңе қарсы қойып алатындығын жете түсінді. Оның бұл тұжырымы оның көптеген эсселерінде көрініс тауып отырды. Ол өзі сомдаған кейіпкерлері арқылы ұйқыдағы "үнсіз Қытайды" оятып, жаңа өмірді көргісі келді, оны асыға күтті. Сондықтан оның сұлу сөз сапырып, әсемдік пен табиғатты жырлап отыруға уақыты болмады. Ол барынша өзі өмір сүрген мешеу саяси-қоғамдық ортаның сұрқия бет-пердесін ащы-мысқылға толы, кекесінмен "тырнап" ашып, оспақтап сынап-мінеп отырды. Оның бұл үні "Айқай" болып ұйқыдағы елдің аспанында жаңғырып жатты.

Ол өзінің осы еңбегі үшін тым көп уақыты мен ақыл-парасатын жұмсайтындығын білді. Ол Лао Цзуды жақсы көріп оқыды. Бірақ Конфуцийдің «Дүниені өзгерту үшін, алдымен адам өзгерісті өзінен бастау керек»-деген ойға сиятын идеясын құп көрді. Өзі арқалаған ауыртпалықпен бірге мәңгілікке жоқ болып кетіп, келер ұрпаққа жақсы күнді сыйлағысы келді. Ол Қытайды соншалықты беріле сүйді, бірақ қытайлықтарды жақсы көре алмады, Лу Шүн тек елінің болашағынан үміт күтті, қазіргі күйінен түңілді [2].

Батыстың әдебиеті мен философиясына қанықкан Лу Шүн олардан өзіне үлгі тұтарлық ұстаздарды тапты. Соның бірі - Андре Жид. Оның: *"Бақиға армансыз аттансам, мен үшін одан артық арман болмас. Ол үшін тіршілігімдегі барлық құштарлығым мен күш-жігерімді толық ада етіп кетуім тиіс. Өйтпегенде, олар маған көрімде де тыныштық бермесі анық. Сондықтан көңілге бүккен барша үмітімді ақтап кетуім керек. Сонда ғана, еш уайымсыз көз жұмамын. Кемелді өмір сүр, қайғысыз ажал құш"* - деген осы өмірлік ұстанымын Лу Шүнде өміріне тірек еткен секілді. Егер Фридрих Ницше оны кездестірген болса, қабағын түйіп тұрып, жарқын дауыспен "Міне бұл - Бірегей адам" дері сөзсіз/3/. Өйткені, ол «Адам бұл – құз үстіндегі жыртқыш пен жоғары санатты адам

арасындағы арқан. Өту де қауіпті, жол жүру де қауіпті, артқа қарау да қауіпті, қорқыныш пен тоқтау да қауіпті. Адамның ұлылығы сол – ол нысан емес, көпір»-деген жоқ па? [4].

“Қаралы жанның қайғысы” әңгімесі де сол кездегі ең таңдаулы әрі ең ықпалды шығарманың бірі болды. Оқиғаның желісіне жаңаша тәрбие алған жастар Жуан Шың мен Зы Жунның махаббаты негізгі арқау болады. XIX ғасырдың 20 жылдары Қытай қоғамында Батыстың әдеби мәнері мен үлгісі ене бастаған кез еді. Тарихта мәлім «4-мамыр» әдебиет төңкерісі тұсында поэзия, прозамен қабаттаса, жарыса жанданған жанрдың бірі – драматургия саласы болды. Жастардың еркін махаббаты, неке теңдігі секілді әлеуметтік мәселелер ескі дәстүр-салттармен қарама-қайшы келіп, қоғамда, әсіресе жаңашыл жастар арасында қызу қолдауға ие болып жатқан тұс болатын. Бұған Генрик Юхан Ибсеннің “Қуыршақ үйі” секілді әлемге танымал сахналық шығармалардың да әсері мол болды. Жүйеден, шығарма кейіпкері Нораның үйден кетіп қалуы оның ерлігі мен батылдығы ретінде танылып былайғы жұрттың алқауына ие болып жатты. Алайда, Лу Шүн бұл үрдіске сын көзбен қарады. Ал оқиғаның ары қарай қалай өрбитінін Ибсеннің өзі де жазған емес. Лу Шүн Нораның үйден құр қол кетуі туралы “Оған алдағы уақытта ас-су, киім-кешек керек емес пе? Тек жалғыз сезімге сүйенген “жаланаш” махаббат жастарды бақытты ете ала ма?” деген ойда болды, әрі бұл ойын осы “Қаралы жанның қайғысы” арқылы жеткізді де.

Жуан Шың мен Зы Жуннің сол кездегі жаңашыл, албырт жастарға тән бала махаббаттары өмірдің қатал әрі сынаққа толы тағдырынан асып өте алмады. Екі түрлі көз-қарас, екі түрлі талғам мен тәрбие ең соңында екеуі арасындағы ыстық сезімнің солуына соқтырады. Төркініне кеткен Зы Жун қайғыдан қан жұтып өмірден ерте аттанады. Жарының өлімі Жуан Шыңға өте ауыр қайғы әкеледі. Әңгіме оның өткенін ойлау, сағына, өкіне еске алуы негізінде жазылады. Лу Шүн жан-дүниесі өткен күннің өкініші мен мұңына мүжілген Жуан Шыңның қаралы, азалы көңіл-күйіне мұндас, тілектес пиғылда емес, қайта Шекспирдің “Гамлет” традегиясындағы Гамлеттің өліміндей шарасыздық пен дағдарысқа толы тағдырды шендестіреді. Даналар сөзімен айтқанда: махаббаттың теріс беті қарғыс, ыстықтың қарсы мәні - суық. Демек, бұл адамдар аздамзатты сүйді, ғаламды сүйе білді, әрі адамзаттың немқұрайлылығы мен талғамсыздығының қайғысын көрсетіп беріп кетті деуге болады.

“Дәрі”. Бұл әңгіме 1919 жылы жазылған, сол жылы қытайдың осы заман әдебиетін насихаттайтын «Жаңа жастар» журналында жарық көреді. «Дәрі» — Лу Шүн әңгімелері ішіндегі бөгенайы бөлектеу дүние. Әңгіме қысқаша былай: қытай аңыздарында адамның ыстық қанына шыланған нан өкпе ауруына ем болады-мыс. Бұны естіген жалғыз ұлдары өкпе ауруына шалдыққан ерлі-зайыпты екеуі, үкіметке қарсы болып басы алынған төңкерісшінің қанына шыланған нанды ауру балаға жегізеді. Бірақ одан бала жазылмайды да, көп өтпей шетінейді. Әңгіменің соңында өлген бала мен төңкерісшілдің қабірлері қатар қойылып, екі ұлдың қан жұтып қатар тұрған екі анасы мен қос бейіт арасындағы бір сүрлеу жолдың жатқанын суреттейді. Бірақ жазушы осы шағын дүниеден тұтас бір тарих пен саясатқа, қоғамға жүк болардай ауқымды ойды айтады. Ең әуелі басқалардың аузымен ғана аталып өтетін төңкерісшінің тегі Шиа, ал оның қанымен ауруын емдетпек болған баланың тегі Хуа делінеді. Бір-біріне мүлде кереғар осы екі образдың атын қосып оқысақ, қытай тілінде “Хуашиа” деген сөз келіп шығады. Бұл сөздің арғы заманда “қытай” дегенді білдіргенін білеміз. Енді бір сөзбен айтқанда, Лу Шүн бұл әңгімесінде қытай халқының екі ұлының тағдыр- талғамын сөз етеді. Қытай ұлтының бір ұлы жат ұлттардың ұлттық езгісіне қарсы шығып жанын құрбандыққа шалады.

Бірақ оның бұл құрбандығын былайғы тобыр түсіне бермейді, түсінгенді былай қойғанда олар сол ұлт қаһарманының қанына шыланған нанға ауыз салалуға дейін барады.

“Тірілген соң”. Бұл Лу Шүннің ең соңғы жазған әңгімелерінің бірі. Әңгіме Қытай тарихында өткен әйгілі ғұлама - Жуаң Зының сапар үстінде, жол жөнекей кездескен өлген адамның бас сүйегі арқылы оны тірілтіп алғаны және сол адаммен арадағы болған оқиға диалог негізінде өрбиді:

Жуаң Зы өзінің әулиелігімен қу сүйекке жан бітіреді де, тірілген адамға қарап:

- Сен әуелде осыдан 500 жыл ілгері өмірден өткен адам едің, мен сені қайта тірілттім - дейді. Мұны естіп таңырқаған адам:

- Мүмкін емес, мен бар болғаны біраз көзімнің шырымын ғана алдым - дейді. Оның сөзін күле тыңдаған ғұлама:

- Солай, менің есімім Жуаң Зы әулие, сені 500 жылға өлі күйден міне енді тірі күйге әкелдім – дейді, сөзін тағы қайталап. Ал әлгі адам оған мүлде сенбейді де:

- Жо, жоқ мүлде олай емес. Менің үстімдегі киімдерім қайда кеткен – дейді, ол енді өзіне бір сәт көз салып. Жуаң Зы оған:

- Мен саған айтып тұрмын ғой, сен өлгеніңе 500 жыл болды. Киімдерің баяғы да-ақ шіріп, топыраққа сіңіп кеткен - дейді. Ал ана кісі оған да иланбай:

- Сіз өтірік айтасыз, менің жолдорбам да, қол шатырым да жоқ, мүмкін сіз алған шығарсыз деп енді әулиенің өзіне күмән келтіре бастайды. Жуаң Зы оған:

- Сен маған сен, 500 жылдан бері сенің жолдорбаң мен қолшатырыңның ештеңесі қалмаған күйі тозып, жер бетінен жоғалып бітті. Оның бұл сөзін естіген әлгі:

- Мен жолаушы жүріп, туыстарыма кетіп бара жатқан адам едім, еш киімсіз, қолымда ешбір затым жоқ қалай барамын енді, онан да мені қайта өлтір, мұндай тірліктің маған қажеті жоқ – деп, Жуаң Зының жағасынан ала кетеді.

Өзге елге іс-сапармен кетіп бара жатқан Жуаң Зы өзін басқа елдің әміршісі күтіп отырғанын айтып, оның аяғына оралғы болмауын айтады. Алайда, қайта тірілген пенде затын, киімін беруді, болмаса қайтадан өлтіріп тастауын өтініп одан бір елі айырылмай қояды. Арада талай үгіт-нәсихат болса да, нәтижесін бермеген соң, шарасыз қалған Жуаң Зы жолынан қалмауы үшін айқайлап көмекке сол маңды шарлап жүрген күзетшіні шақырады. Күзетшіге өзінің көрші елдің әміріне кетіп бара жатқан атақты ғұлама Жуаң Зы екенін айтып, мына кісіден араша сұрайды. Күзетші оны ұстап алып қалады, ал Жуаң Зы өз жолына түседі. Жуаң Зыдан көз жазып қалған әлгі адам енді өзінің киімі мен заттарын тауып беруін талап етіп, күзетшінің алқымына жармаса кетеді [5].

Әңгіменің ұзын ырғағы осы. Бұл әңгіменінің тарихи астарына үңілер болсақ, автордың айтпақ ойын түсінер едік. Қытай елінде 1912 жылы ұзақ уақыттық патшалық билікке қарсы төңкеріс басталып, нәтижесінде патшалық құлап, халық теңдік алады, бірақ өкініштісі сол патшалыққа қызмет еткен алаяқтар орайды сәтті пайдаланып билікке келеді. Лу Шүнның сөзімен суреттегенде: “Төңкерістің алдында құл едім, төңкерістен кейін құлдардың құлына айналып қалу еді”. Езгіден көз ашқан қарапайым халық енді жоқшылықпен, надандықпен және ішкі алауыздықпен бетпе-бет келеді. Автордың екінші бір астарлы ойы “өмір” мен “өлім”- атты екі үлкен жаратылыстың айырмашылығы мен ерекшелігін айту арқылы өмірдің биік екендігін, ол үшін күресу қажеттілігін және отан сүйгіш, ұлт жанды азаматтарға осы екі жолдың бірін таңдау керектігіне шақырады.

Құрметті оқырман, әдебиет деген осынау алып мұхитта әр түрлі жанр арқалаған алып кемелер тарихтан бүгінге дейін жүзіп келеді. Олардың бағыт-бағдарлары да сан алуан. Міндеті мен мақсаты да, мазмұны мен көркемдігі де көп түрлі. Соның ішінде күлкілі әңгімелер дейтін өзінше бөлек саласы бар. Бұл сала өз дәуірінің, өз ортасының қоғамдық-әлеуметтік жағдайының жағымды-жағымсыз жақтарын өткір тіл, ащы әрі әжуәлі шендестіру арқылы сипаттайды [6]. Ал аты аңызға айналған атақты жазушы Лу Шүннің еңбектерінен ондай күлкілі сюжеттерді кездестіру қиын. Болған күнде де күлкіден гөрі намысыңды қайрайтын тұстары көп. Мысалы, осы “Айқай” жинағына енген біраз әңгімелерінен-ақ өздеріңіз байқап отырғандарыңыздай автордың бұл еңбектерінде түгелдей қоғамның қараңғы тұстарын шену, ұлттың надандығы мен тоқашарлығын мінеу секілді мәселелер көтерілген. Оның бұдан басқа да шығармаларынан әсем табиғат, жанға жайлы өмір немесе лирикаға толы махаббат іздеп таппайсыз. Ол ондай дүниелерді жазуды қаламады ма әлде ол кісіде сезім болмады ма? Жоқ олай емес, ол өз заманының “Асан қайғысы” болды. Оның бұл ұстанымы “Айқайға” кірмеген өзге де жазбаларынан нақты көрініс тауып отырады. Мысалы, 1922 жылы жарық көрген “А Кюдің толық өмірбаяныда” осы қараңғы тұстарды көрсеткен [7].Сол қытай халқы үшін қара түнектей басқан заманда өз ұлтын жан-тәнімен сүйген азамат, жазушы адам қалай ғана шаттана алсын, олай істеу мүмкін де емес еді....

Анығында ол қоғамнан ғана емес, өзінен де үміт күтпеді. Ол әуелден-ақ өзінің басқаларға “нені қадірлеу немесе кімді ояту”- туралы айтуға еш салауатының жоқ екенін түсінді. “Есалаңның естелігіндегі”, “Тарихты парақтап отырып, кенет қаншама жылдар бойы абайсызда қаншама адамның етін жеп қойдым”. “Адам етін жеген” басқаларға “адамның етін жемеңдер”-дейді. Бұл өзін де, өзгені де алдағандық қой. Ол өзінің де бір азамат ретінде қоғамның қараңғылығына үлесі бар деп түсінеді. Алайда, оны серпілтуге шарасыз. Тек алға “Батысқа” , өркениетке қарай жылжый беру керек деп түсінді.

Лу Шүн 1936 жылдың қыркүйек айында ең соңғы шығармасы “Ажалды” жазып, оны жақындарына табыстады. Бұл ұлы жазушыны ауру азабы әбден меңдеткен кезі еді. Әл-дәрмені қалмаған ол баласын қасына шақырып алып, бар күшін бойына жинап: **“Ешқашан ұлтсызданған**

жазушы болма”- деген соңғы өсиетін айтып қалдырды. Осыдан бір ай өткен соң, қазан айында Лу Шүн дүние салды.

Ескерту: бұл мақала - ҚХР-ның Шынжаң ауданы Жоғары оқу орындары қоғамдық ғылымдарының іргелі зерттеу базасы “Шынжаң қазақтарының мәдениеті мен осы заманғы дамуын зерттеу орталық қорының” демеуімен “Жақынғы заман қазақ әдебиетінің жаңғыру және оны қытай әдебиетімен салыстыра зерттеу” жұмыстарының нәтижелерінің бірі. Нөмірі:XJEDU080112B06.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Лу Шүн. “Дала шөбі”. - Бей Жиң: Әдебиет баспасы, 2014 жыл 3 наурыз
2 Лу Шүн. “Дала шөбі”, - Бей Жиң: Әдебиет баспасы, 2014 жыл, 3 наурыз - 21 бет
3 Андре Жид. “Таңдамалы шығармалары”.- Тиян Жин қаласы:- Бай Хуа баспасы, 2012 жыл. 9 наурыз
4 Эбаноидзе И. Фридрих Ницше шайқасқа шақырады. /https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/10943/
5 Сан Тоң. Менің Алғашқы философиялық кітабым- //www.douban.com//2016-12-28
6 Көшекова А.А., Қалжанова Г. Күлкілі әңгімелер. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті Хабаршысы. 2017. № 4-5 (70). 66-70 б.
7 Китай XXI века/ сост. РЦК “Иероглиф”-Мн .: 2004 - 196 с.

“КРИК” ЛУ СИНЯ

***Сия Иү*[1]**
[1]Доцент института социальных наук, Илийский педагогический университет
Китайская Народная Республика, г. Кульджа
e-mail: 1479566108@qq.com

В статье обсуждается сборник новелл китайского писателя Лу Синя “Крик” и дается краткое описание рассказов, вошедших в сборник. Писатель хочет довести “крик“ своей души в своих произведениях колониальному китайскому обществу. Но он всегда чувствовал бессилие: “Когда я молчу, я чувствую себя исполненным, и я буду говорить и чувствовать пустоту”, но он не терял надежды, “крича” в своих лучших попытках наполнить темный Китай свежим воздухом.

Ключевые слова: Китай, Лу Синь, крик, безнадежность, депрессия, будущее.

“CALL TO ARMS” OF LU XUN

Xia Yu[1]
[1]Associate Professor, Institute of Humanities, Yili Normal University
Kulja, China, e-mail: 1479566108@qq.com

The article discusses a collection of short stories the Chinese writer Lu Xun "Call to Arms" and gives a brief description of the stories included in the collection. The writer wants to bring the cry of his soul in his works to the colonial Chinese society. But he always felt impotent, as he said: "When I remain silent, I feel full and I will speak and feel emptiness. But he did not lose the hope of "Call to Arms" in his best attempts to fill dark China with fresh air.

Key words: China, Lu Xun, screaming, hopelessness,depression, the future.